

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылдың 16 сәуірдегі № 17/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 24/10 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылдың 16 сәуірдегі № 17/2 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

нормативтік құқықтық актінің атауы жаңа редакцияда жасылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы";
көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 24/10 шешіміне
қосымша

Жамбыл ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау және көму тарифтері

Атауы	жинау және тасымалдау	көму	барлығы
	Құны (теңгенің қосылған құн салығынсыз)		
Бір адамға	205,86	70,78	276,64

